

**Жақан Смақов**

# **КӨКТЕМ КҮНІ КӨҢІЛДІ**

Мектеп жасына дейінгі және  
кіші мектеп жасындағы балаларға арналған  
(3–10 жас)

Алматыкітап баспасы  
2015

**ӘОЖ 821.512.122-93**  
**КБЖ 84(5Қаз)-5**  
**С 52**

**Смақов Ж**

**С 52 Көктем күні көңілді. Өлеңдер жинағы. / Ж. Смақов – Алматы:**  
**Алматыкітап баспасы, 2015. – 128 б.: сур.**

**ISBN 978-601-01-2508-7**

Аталмыш жинаққа белгілі балалар ақыны Ж.Смақовтың еліміздің балалар әдебиетінің ұлттық қорына кірген өлеңдері кіріп отыр. Оның көңілді және жүрекке жылы тиетін, мейірімді және ойландыратын өлеңдерімен қаншама ұрпақтарымыз сусындап өсті. Үлкен де, кіші де өлеңдерін тамсана тыңдайды, оқиды.

Ж.Смақовтың өлеңдер жинағы – әр бала үшін ең жақсы сыйлық.

**ӘОЖ 821.512.122-93**  
**КБЖ 84(5Қаз)-5**

**ISBN 978-601-01-2508-7**

© Смақов Ж, 2015  
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2015

**1-бөлім**  
**Естеліктер**  
**Мақалалар**






## Жақан Смақов

Қарапайым жырларымен-ақ жеткіншектер жүрегіне нұр сеуіп, қыруар іс атқарған көрнекті балалар ақыны Жақан Смақов туралы М. Әлімбаев ертеректе: *«Әдебиеттегі тұсаукесті тұңғыш қадамынан бастап, бір өңкей балаларға арнап жазатын ақындарымыздың саны өте аз. Өтебай Тұрманжанов, Мүбәрак Жаманбалинов, Нұрхан Жанаев, Ескен Елубаев, Ермек Өтетілеуов... Осы аталғандардың қалың ортасында «сақалды сәби» деп атауға лайық бала жанды, бөбек жүректі ақын Жақан Смақов бар еді. Ол ерте гүние салды. Ол артында шағын-шағын он бес кітап қана қалдырды. Өнер санымен ғана өлшенбейді, оның үлкен таразысы – сапасы. Бұл тұрғыдан алғанда, Жақан – жұлдызды жігіт»,* – деп жазғаны бар. Бірақ мұндай пікірлер бүгінде мүлде айтылмайды десек, жаңылысқандық болмас...

Мұны қозғау себебіміз, «Есі кірген ел ескісін іздейді» демекші, ұлттық идея қалыптастыруға ұмтылған халық жас ұрпақ санасына ізгілік дәнін сепкен Жақан Смақовтай дарынды перзенттерінің де еңбектерін тиімді пайдалануы қажеттігі туралы ой ғана.

Әдебиеттің балаларды сан алуан қасиеттерге баулитыны белгілі. Үлкен өмірге аяқ басқан әр сәби дүниетанымын көркем безендірілген басылымдар арқылы кеңейтіп, ізденуге, қоршаған ортаның сырын түсінуге, табиғатты сүйуге




ұмтылады. Сөйтіп, жалпы адам баласына тән жақсы әдеттерге жақындай береді. Яғни кітап баланың жан әлемін қалыптастырады. Сәби соның арқасында армандайды, қиялын ұштайды, келе-келе өзі де шығармашылық өмірге араласа бастайды. Біртіндеп шеберлігін шыңдайды. Талғамы тереңдеп, дүниетанымы кеңейіп, нағыз жан-жақты, көкірегі ояу азамат бола бастайды.

Балалар әдебиетінің бір кереметі – ақын ешкімге ұрыспай-ақ, әлдекімдерді кемсітпей-ақ оқуға жеп-жеңіл, айналасы жұп-жұмыр ғана қысқа өлеңімен жас өскінді өрескел қасиеттерден аулақ жүруге немесе әр тіршілік иесінің тек өзіне ғана лайықты міндеті болатыны туралы ойлануға бастап отырады. Мұндайдан кейін жас адам біртіндеп үлкен азаматтық толғамдарға құлаш ұрмақшы. Мысалы:

*Шыр-шыр еткен торғайды  
Қорғамасаң болмайды.  
Кіп-кішкене торғайлар,  
Ағаштарды қорғайды.  
Таспен атып торғайды,  
Ұя бұзған оңбайды.  
Құс өкпелеп кетеді,  
Бақшамызға қонбайды.*

*(Ж.Смақов. «Торғай ағаш қорғайды»)*



Осы өлеңде бәлендей бір асқақ сөз жоқ. Ешкімге көл-көсір ақыл да айтылмайды. Тек жүрекке жайлы тиетін жып-жылы леп пен санаға сіңе кететін сұлу сурет қана бар.

Немесе:

**Байлаулы ит**

**Қазға:**

– Сен неге үрмейсің? – *gedi.*

**Қаз:**

– Сен суда неге жүзбейсің? – *gedi.*

– Ендеше жүр, –


*Менің орныма тұр! –*

*Ит қазды шынжырлап матады,*

*Ал өзі өзенге түсіп жатады...*


Осындай өлеңді оқығаннан кейін бала түгілі ересек адамның өзі ойланып қалатыны анық.

Жалпы, кезінде тұстастары жоғары бағалаған Ж.Смақов шығармашылығына ең қажетті екі асылдың қосындысы тән екенін байқаймыз. Оның бірі — халық ауыз әдебиеті де, екіншісі — сол білімге кейінгі профессионал поэзия мәдениетінің ұштасуы. Бұған қоса сәбилердің таным-түйсігін тамыршыдай тап баса білетін сезімтал ақын әрбір туындысын таңғы шықтай мөлдіретіп, ұғымға мейлінше қонымды болуына ерекше мән береді. Оның өлеңдерінің өте табиғи, нанымды, әбден тартымды шығу себебі де содан болса керек.



Ғафу Қайырбеков «**Бесікке қайта оралу немесе балалар әдебиеті туралы ойлар**» мақаласында: *«Жазушыға керегі екі нәрсе: бірі – суретшілік талант, екіншісі – әдемі көркем тіл... Бірі болмаса бірі жоқ»,* – деп жазған екен. Осы қасиеттерді Жақан Смақов шығармашылығынан молынан ұшыратуға болады. Сөзіміздің дәлеліндей, Ғафаңнан да өзге замандастарының бірқатары: *«...Жақаң балалар әдебиетінің аса талантты ақыны еді, өйткені бұл жолда оны өте қиын жазылатын балалар жырын қазақ әдебиетінде асқақ жырлауымен гаралануын айтқан жөн. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында ол өте керемет жырларын жас ұрпақ еншісінде молынан ұсынды»* деген мазмұнда *гүркін-гүркін мойындап отырған. Кей қатарластарының айтуынша, Жақаңның өзі де кейде көңілі түскенде өзінің шығармашылық лабораториясынан сыр ашып: «Балаларға арнап жазу қиын... Ал нашар жазу күнә!»* – дейді екен.

Кейінде балаларға арналған өлең-жырлардың басым көпшілігінің тілі ауыр, қабылдауға күрделі келетіні жасырын емес. Керісінше, түсініксіз сөздердің шоғыры секілді немесе мағынасыз жаңылтпаш іспетті тақпақсымақтар қаптап кетті. Бірден көкейге қонып, санаға сіңіп кететіндей ойнақы жазылмайды. Болмаса «тақпақтардың» көбі үлкен адамдарға арналғандай, тым «салмақты» сөйлейді. Немесе жаңа заманғы «өлеңдер» әдебиет теориясында айтылатын жан-жақты техникадан жұрдай. Себебі балалар поэ-



зиясы міндетін атқару жас жеткіншектерге арналған басылымдарда еңбек ететін қатардағы журналистерге «сеніп тапсырылған!».

Міне, осындайда еріксізден ойға анау «Тілі, ділі қазақ және өз идеологиясы бар мемлекетті қашан құрамыз? Осыны жиырма жыл бойы шулатып айтып келеміз» деген уәж оралады. Біз айтар едік, осы Жақан Смақовтай асылдарымызды місе тұтпай, қастерлі міндетті көлденең көк аттылардың көмегімен атқарамыз десек, тағы бір жиырма жыл шулауымыз да ғажап емес. Сондықтан дәл қазір балалар поэзиясы аяғынан тік тұрып, сол Жақан Смақов, Өтебай Тұрманжанов, Мүбәрак Жаманбалинов, Нұрхан Жанаев, Ермек Өтетілеуов, Әнуарбек Дүйсенбиев бастаған лектің шығармашылығы деңгейіне қайта көтерілгенше осылардың туындыларын қайта басу қажет пе деген де ой келеді. Әйтпесе, айталық, қазір Ж.Смақовтың мына өлеңіне назар аударайық:

- *Сабаққа бардың ба?*
- *Иә!..*
- *Сабақтан қалдың ба?*
- *Иә!..*
- *Мұғалім ұрысты ма?*
- *Иә...*
- *Жауап бер, дұрыс тұр ма!*
- *Иә...*





— Бетің неге сия?

— Иә...


— Жауабының барлығы — «иә»,  
Міне, осындай біздің Зия...

Айтуға жеңіл, көңілге қонымды өлеңдер мүлде сиреп кеткені жасырын емес. Ал Жақан Смақовтың анау қарапайым ғана «Қаймақбай бала» немесе «Қисыбай» секілді әрбір өлеңі әлемдік классикаға телінетін осындай туындылардан бір де кем емес екені анық көрініп тұрар еді!

*«Сақтағанда еш айып жоқ, жатпайды,  
Басқа теуіп жатсаң-дағы қаппайды».  
Майлыаяқты атам солай мақтайды,  
Сендіре алмай қойдым, бірақ, Ақтайды.  
Ақтай, міне, осыны айтсам көнбейді,  
Итім түгіл, өзіме де сенбейді.*

*— Басқа тебу дегеніңді атама,  
Кет дегенге кете қойса жөн! — дейді.  
«Олай болса, көзің анық жетсін», — деп,  
Қақ маңдайдан Майлыаяқты тептім кеп.  
Мақтауымды айтып, тіпті болмай-ақ,  
Арс етті де, ала түсті Майлыаяқ!  
Басқа тепсе, демеп пе еді, қаппайды.  
Түсінбеймін, неге бұлай мақтайды?!*

Сатиралық сарыны бар мұндай өлеңдерді ересектер де қызыға оқитын болар. Ж.Смақов туындыларының қата-




рында балалардың өтірік айтуын, мақтаншақтығын, есерлігін, сөзі мен ісінің арасындағы алшақтықты әдемі астармен әжуалайтын шығармалар да көптеп кездесіп отырады. Мұның бәрі таптырмас тәрбие құралы екені де анық.

Сол секілді Смақов шығармашылығында сәбилердің танымдық өрісін кеңейтуге бағытталған «Көкпек пен бидай», «Теңіз ұлуы», «Орман, орман!», «Инелік», «Бұлт-шегіртке», «Тамшы», «Өткінші» секілді сан алуан өлеңдерінің қай-қайсы да айшықты кескінімен сүйсінтеді. Айталық, екі-ақ шумақтан тұратын:

*«Аспанды торлап бұлт жапты,  
Сай-сала тұман бүркенді.  
Жапырақ неге дір қақты —  
Жабырқау тартты сырт енді.  
Есіктің алды лайсаң,  
Әйнектер шып-шып терлейді.  
Ертемен сыртқа қарасам,  
Көрпемнен шыққым келмейді», —*

деген туындылар тартымды пішінімен, анық та, қанық суретімен, танымдық нақтылығымен баурап отырады.

Әрине, қаламы қуатты ақынның ел тәуелсіздігін көре алмай кеткені өкінішті. Әйтпесе ол бұл тақырыпта да балаларға небір шұрайлы шығармаларды туғызар еді. Сонда да оның:




*«Еңбекті сүйсең — ел деп сүй,  
Еңбегің кетпес далаға.  
Қолғабыс жаса, көрсет сый,  
Шаршамасын жан аға,  
Шаршамасын жан ана,  
Шаршамасын жан ата,  
Риза болсын балаға,  
Еңбекті сүйсең — ел деп сүй»*

деген тақылеттес туындылары үлкен елдік, мемлекеттік мұраттарды көксеуден туғаны сөзсіз.

Бүгін де жеткіншектерге арналған өлең-жырларда аса мән берілмей келе жатқан нәрсе — жас ұрпақтың ұлтжанды болып өсуіне ықпал ететін, халықтық таным-түйсіктің қалыптасуына жол салатын фольклорлық, этнографиялық ұғымдар ескеріле қоймайды.

Ал сонау кеңес идеологиясы дәуірінде өмір сүріп, қылышынан қан тамған тоталитарлық жүйенің сөзін сөйлеуге мәжбүр болған ақын ұлтымызға жат деген жағдайларды немесе қазаққа жақын деген ұғымдарды бәрібір тапқырлықпен ретін келтіріп, өлеңіне кіргізіп отырған. Айталық:

*«...Мегежінде жеті емшек,  
Бәрі емсе де жетегі.  
Бірақ осы торайлар  
Балшықты жерде көп ойнар.*



*Олардың осы мінезін  
Ұнатпаймын мен өзім,» – дейді.*

Бұған керісінше:


*«Тайымды жақсы көремін,  
Арпа, сұлы беремін.  
Күтемін, баптап қараймын,  
Жалын талдап тараймын.  
Құйрығын шарт түйемін,  
Сөйтіп ерттеп мінемін.  
Бәйгеге шығып шабамын,  
Жұлдені озып аламын»*

деген шумақтардан атқұмар қазақ ұланының көңіл күйі анық байқалып тұр емес пе!

Сол секілді жаңа заманғы балалар ақындары «Бас бармақ, балаң үйрек» немесе «Қуыр-қуыр-қуырмаш» деп басталатын қазақы ұғымға жақын өлеңдерге бара бермейді. Жақаңның көптеген өлең ырғағын сондай халықтың ән-жыр үлгісінен алатынын аңдаймыз. Сондай-ақ ол үнемі жаңаша пішін іздеп, тың кеңістіктерге құлаш сермеп отырғанын көреміз.

Белгілі балалар жазушысы Сұлтан Қалиұлы бір жазбасында:

*«Балаларға арналған біраз кітабым шыққанша мен осындай өлеңдерді түсінбедім. Бірге Мұзағаңа сөз ора-*



йында: «Жақан Смақовтың өлеңдері тым қарапайым, орташа ғана гүниелер ғой», – деп қалдым. Сонда Мұзағаң тұрып: «Жоқ, олай геме. Зейініңді салып, кітаптарын қайта оқып шық», – деді. Мұзағаңның кеңесімен бар кітабын қайта оқып шыққанда ғана ғажайып гүниелер екеніне көзім жетті. Талай-талай сырын аштым. Үйренетін тұстарым көп екен. «Тым қарапайым» деп Жақанның өлеңдерін босқа жазғырып жүр екем. Бөбектер, сәбилер үшін мейлінше қарапайым жазу керек екен», – деп ағынан ақтарылады. Расында да, тілі шықпаған балбөбек үшін осынау ұғымдардың әрқайсысы жаңалық емес пе! Ал жаңа заманғы ақындар мұндай ізденістерге көп бара бермейді. Сол секілді кейінгі авторлар балаларға арналған өлең-жырдың өзіндік «сиқырлары» болатынын да ескере қоймайтындай.

Қарап отырсаң, ақын Жақан Смақов осындай «елеусіз» қалтарыстардың бәрін жан-жақты меңгерген екен. Сол себептен де, жасын отындай жарқ еткен ақынның «Сыйлық», «Сәбилерге сәлемдеме», «Қаз-қаз бас», «Біздің атай Түсекең – қартаймайтын кісі», «Күлдірген», «Сылдырмақ», «Жүз бір жұмбақ», «Бақ-бақ», «Жаңғырық» сияқты кітаптарының әрқайсысындағы балаларға арналған кез келген өлеңін оқысаңыз, жаныңыз жадырап сала береді. Ал ақынның:

*Қара үңгірде қара тас,  
Жанғанда бетті қаратпас.  
(Көмір)*




*Немесе:*

*Аузында ауы бар,  
Суда жүзегі.  
Балық сүзегі,  
Бұл қандай құс?  
Тауып ал!*

*(Бірқазан)*

секілді үлкен бір жинаққа жүк боларлық жұмбақ өлеңдері арнайы сөз қозғауды қажет етеді. Жалпы алғанда, Ж.Смақов шығармашылығы «Балалар бағының бағбандары» жинағында әріптестері: «...оларды бастауыш сынып оқушыларының ақыны немесе жазушысы, әйтпесе бөбектер ақыны десек те артық болмас. Олардың алдыңғы сапында Жақан Смақов тұрады. Жақан балалар әдебиетінің аса талантты ақыны еді. Өйткені, бұл жолда оның өте қиын жазылатын балалар жырын қазақ әдебиетінде асқақ жырлау мен даралануын айтқан жөн», — деп бағалағанындай, бұл ақын шығармашылығы қазір мүлде жаңаша көзқарасты талап ететіні де анық.

*Бибіғайша Темірбаева, Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты*



## Ақын Жақан Смақов поэзиясының тәрбиелік мәні


Жалпы қазақ әдебиетінде балалар поэзиясының өкілдері көп емес. «Бөбек», – деп, өбектеп өткен ақынның бірі әрі бірегейі – Жақан Смақов. Бесіктен белі шықпаған сәби мен мектеп табалдырығын енді аттаған балалар шығармашылығын арқау етіп алған ақынның өлеңдері бала тәрбиелеудің баспалдағы іспеттес. Туындыларының тұла бойында тәрбиелік мән бар.

«Әлди бөпем» мен «Қаз-қаздың» бір емес, бірнеше түрін жазған.

*«Әлди, әлди, әлди-ай,  
Ұйықта бөпем, ұйықта жай.  
Бесігіңе бөлейін,  
Емізгігін берейін», –*

деп ән әуезімен бір елітіп әкетсе, енді бірде: дала көрінісі мен аңдардың табиғатын үйлестіре суреттейді. Өлеңді оқып отырып, еріксіз сол құбылыстар көз алдыңа келеді.

*«Бөпем қаз-қаз тұрады,  
Бөпем қаз-қаз басады.  
Қаз-қаз басты құлады,  
Құлады да жылады,  
Жүрсең, бөпем, құлама,  
Құласаң, бөпем, жылама», –*



деген жолдардан балаға арнау тілектің нышанын байқаймыз. Бұл «Әлди» мен «Қаз-қаз» бесік жыры мен тұсауке-сердің жаңа бір түрі десек те болады. Осындай әдіспен жазылған өлең түрлері балалар әдебиетінде жоқтың қасы.

Жақан Смақов шығармаларының ішінде мазақтама тұрғысында жазылған бірқатар туындылар бар. Мысалы, «Жылауық», «Маубас», «Қисыбай», «Аяншақ», «Башпақ», «Қорқақ», «Тағы бір жылауық», «Қожақ» т.б.

*Шыбын үйір Қожаққа,  
Шыбынға Қожақ мазақ па?  
Қожақ ішсе тамағын,  
Бет-аузына жағады.  
Әрине, мұндай баланы,  
Шыбын іздеп табады.*

Міне, осындай өлең жолдарымен баланы тазалыққа, ұқыптылыққа баулиды. Өлең тілі баланың қабылдауына жеңіл, ұғынықы, әрі сөз бен сөйлем шебер қиюласқан. Бұл өлеңдер балабақша бүлдіршіндерін тәрбиелеуде үлкен көмек құралы болары сөзсіз.

*Кін-кішкене момақан,  
Қошақанды ұнатам.  
Сүйегі апам «қозым», – ген,  
Қошақаным «өзің», – ген!*

Мінеки, бір қарағанда қарапайым ғана өлең. Бірақ ақын шеберлігі сол, сәбиді төлдерге теліп, ана махаббатын